

Жұмыскерге материалдық көмек күнтізбелік жылда бір рет көрсетіледі.

8.7. Балаларды қорғау күніне орай жыл сайын Жұмыс берушінің бюджетінде бөлінген қаражат шегінде жалғызбасты аналарға (14 жасқа дейінгі баланы жалғыз тәрбиелеп отырған некеде тұрмаған, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек бала және аталған санаттағы балаларды анасыз тәрбиелеп отырған адамдарға) 10 (он) АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсету.

9 БӨЛІМ. ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9.1. Жұмыс беруші Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған Ұжымдық шартты оған қол қойылған күннен бастап бір ай мерзімде Астана қаласының еңбек жөніндегі уәкілетті органына (мониторинг үшін еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға) тіркеуге жібереді.

9.2. Осы Ұжымдық шарттың орындалуын бақылауды Жұмыс беруші мен Кәсіподақ өкілдері жүзеге асырады.

9.3. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде туындаған дауларды реттеуді жергілікті жерлерде құрылған комиссиялар жүзеге асырады.

9.4. Жұмыс беруші мен Кәсіподақ Ұжымдық шарттың қолданылу кезеңінде туындайтын барлық келіспеушіліктер мен оның орындалуына байланысты жанжалдарды қарайды.

Ұжымдық шарт талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда бұзушылықты анықтаған Тарап екінші Тарапқа жазбаша нысанда бұзушылықты жою туралы ұсыныс жібереді. Тараптар 10 күннен кешіктірмей өзара консультациялар өткізуге және Тараптар үшін міндетті жазбаша шешім қабылдауға міндетті.

9.5. Ұжымдық шарттың міндеттемелері бұзылған немесе орындалмаған жағдайда кінәлі тарап немесе кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген тәртіппен жауапты болады.

9.6. Ұжымдық шарттың мәтінін Жұмыс беруші әрбір құрылымдық бөлімшеге, ал Қызметкерлердің назарына Кәсіподақ жеткізеді. Осы Ұжымдық шарт тараптар қол қойған сәттен бастап қолданылады.

ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:

Жұмыс берушінің атынан:

**«Өрлеу»
біліктілікті арттыру ұлттық
орталығы» АҚ**

Қызметкерлердің атынан

**«Қазақстандық оқу-ағарту,
ғылым және жоғары
білім қызметкерлерінің салалық**

Басқарма Төрағасы

М.О.



Е.К. Айбульдинов

Кәсіпқолдағы» ҚБ Төрағасы

А.М. Мұқашева

